

## Полтава селолық округінің тарихы

1905 – 1908 жылдары Столыпин аграрлық реформа жылдары кезінде Украинаның Полтава губерниясының қоныс аударушыларының көмегімен Полтавка селосы пайда болды. Біздің ғасырдың жиырма бесінші жылдары басында бұл ауыл 350-400 ауладан тұрды. Ауыл үш шақырымға дейін созылды, небәрі төрт көше болатын. Мұнда екі диірмен, шіркеу, және Сопринский деген бай адамның үлкен бау – бақшасы болды. Кейін ол колхозға айналды. Ұжымдастыру отызыншы жылдары басында өтті, ал бір мың тоғыз жүз отызыншы жылы «Красный боец» колхозы ұйымдастырылды. Алғашқы мектеп 29-30 жылдары ашылып. Бұл колхозға Полтава селосынан басқа, бұдан 10 км-де орналасқан Тұранғұл (Золотоноша) да құрамына кірді. Ал бір мың тоғыз жүз отызыншы жылдан бастап, бір мың тоғыз жүз қыркыншы жылдары Тұранғұл және Полтавка колхоздары жеке өмір сүре бастады. Полтава селолық округі қоңыр, қызғылт–қоңыр топырақты құрғақ дала белдемінде орналасқан, оның аумағында бөтеге, бөз, жусан өседі. Полтава селолық округі аудан орталығының оңтүстік-батыс бөлігінде 40 шақырым жерде орналасқан. Батысында Бөрлі ауданының Миргородка ауылымен, оңтүстігінде Белогор селолық округімен, шығысында Ақбұлақ селолық округімен, солтүстігінде Ащысай селолық округімен және Қызылкөл селолық округімен шекаралас жатыр. Округ көлемі 0,8 мың шаршы шақырым жер. Полтава ауылы сол кезде ең алғашқы атауы Шиесабақ деп атталынды, себебі ауыл маңы сайларға толы болды. Сайлардың іші толған шиесі болды осыдан бастап ауылды Шиесабақ деп атап кеткен. Қазіргі таңда әл күнге дейін шиелер қаптап өсуде. Совет үкіметі құрылғаннан бастап Полтава ауылы тағы да атауы өзгерді оның жаңа атауы Қызыл әскер деп атала бастады. Одан кейін тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Украина жерінен Полтава губерниясынан келген халық Полтава деп атап кеткен. Осы атау әлі күнге дейін сақталған.